

«6D061000-Гидрология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Оспанова Маржан Сансызбайқызының «Есіл өзені алабының су басу алабының қаупін бағалау және басқару» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс «Су ресурстарын, жануарлар мен өсімдіктер дүниесін ұтымды пайдалану, экология» ғылыми басым бағытының «Су ресурстарын сақтау мен басқарудың өзекті мәселелерін зерттеу» мамандандырылған ғылыми бағытына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бағдарлама негізінде «Қазақстанның су ресурстарын басқарудың 2014-2020 жж. арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында орындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған. Зерттеу аймағындағы су басудың алдын алуды қамтамасыз ету бойынша басқарушылық шешімдер қабылдауда диссертациялық жұмыстың нәтижелері елеулі үлес қосты деп есептеймін.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен;	Өзі жазу деңгейі: жоғары. Диссертациялық жұмысты орындау барысында ізденуші есептеу жұмыстарын статистикалық тұрғыдан өңдеп, қорытындылаған. Диссертациялық жұмыс нәтижелері бойынша 7 ғылыми

		4) өзі жазбаған	еңбектері жарияланған, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін 1 мақала, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 3 мақала және халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында 3 ғылыми баяндама жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі негізделген. Ізденуші ұсынған диссертациялық жұмысы ғылыми және практикалық тұрғыдан да маңызы бар. Есіл өзені алабындағы су басулардың зиянды салдарын төмендету немесе оның алдын алу үшін тыңғылықты гидрологиялық есептеулерді ескере отырып, халық тығыз шоғырланған Есіл өзені алабының су басу аймағын анықтау үлкен рөл атқарады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация мәтінде келтірілген мәліметтер, есептеулер, талдаулар, қорытындылар диссертацияның тақырыбын толық ашады және тақырыбына сәй келеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертация жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Ұсынылған диссертациялық жұмыстың міндеттері мақсатына сай ретімен орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық толық байланысқан. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, 4 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады және олар бір-бірінің логикалық жалғасы болып келеді. Диссертациялық жұмыс бөлімдері жүйелі түрде бөлімшелерге бөлінген және мәтіндері сәйкес келеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген;	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, сыни талдау бар. Ізденуші соңғы жылдардағы деректерді ескере отырып, зерттеу аймағының ең жоғары ағындысының жаңа мәндерін нақтылаған, оны іргелі және соңғы онжылдықтардағы зерттеу жұмыстарымен

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	салыстыру нәтижесінде айырмашылығын мәтінде көрсеткен. Заманауи әдістер көмегімен су басудың қалыптасу аймақтарын анықталып, су басу қаупінің алдын алу бойынша ұсыныстар берілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыста заманауи ГАЖ және Жерді қашықтықтан зондылау көзі мәліметтері негізінде Есіл алабының сандық карталары жасалған және Жабай өзені мысалында су басудың қалыптасу аймағы анықталып, су басу ені анықталған. Алаптың су басу қауіптілігінің картасы әзірленген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары соңғы жылдардағы деректерді ескере отырып орындалған. Сондықтан оларды толығымен жаңа деуге болады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жартылай жаңа және негізделген
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеулер нәтижесінде алынған ғылыми деректер, қорытындылар және ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары, ғылыми тұрғыда құндылығы бар деуге болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме?	Ізденуші диссертациялық жұмыс бойынша 3 тұжырым ұсынған және олар күрделі гидрологиялық есептеулер, талдаулар мен картографиялық әдістер арқылы жасалған, сол себепті келесідей

	қағидаттар	<p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>жауап беріледі: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? - дәлелденді 7.2 Тривиалды ма? - жоқ 7.3 Жаңа ма? - ия; 7.4 Қолдану деңгейі: - кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? - ия</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент</p>	<p>Ия, әдістеменің таңдауы – негізделген, әдіснама нақты жазылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс нәтижелері компьютерлік технология, заманауи ГАЖ және Жерді қашықтықтан зондылау мәліметтері, НЕС-RAS бағдарламалық өнімі арқылы алынған. Сондықтан: ия.</p> <p>Диссертациялық жұмыста эксперименттік зерттеулер жүргізілмеген, себебі ол ірі ұйымдарда қол жетімді. Гидрология ғылымы саласында эксперимент басым жағдайда теориялық есептеулер түрінде жүргізіледі. Сондықтан, теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар күрделі теориялық есептеулермен дәлелденген.</p>

		негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу аймағының ең жоғары ағынды қатарының статистикалық параметрлері, оның қателіктері мен біртектілігі, сирек және жиі қайталанатын ең жоғары су өтімдері, ауытқу мәндері есептелінген, алдыңғы зерттеулермен салыстырылған және расталған. Сол себепті, жауап: ия .
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер мен нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертациялық жұмыс 131 пайдаланылған әдебиеттер тізімін құрайды. Әдебиеттер тізімінде классикалық оқулықтар мен заманауи мақалалар бар.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы ия, бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі ия, жоғары. Зерттеу нәтижелерін су ресурстарын пайдаланатын экономиканың кез келген салаларында, жобалау ұйымдарында, су басумен байланысты ғылыми мәселелерді қорытындылауда, төтенше гидрологиялық сипаттамаларды бағалау әдістерін негіздеуде қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу нәтижелесіндегі сызбанұсқалар, карталар және зерттеу нәтижелерінің мәндері жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа;	Академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми тілде жазылған.

	3) орташадан төмен; 4) төмен.	
--	----------------------------------	--

Ресми рецензенттің пікір шешімі: **Оспанова Маржан Сансызбайқызына «6D061000-Гидрология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.**

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Жаратылыстану ғылымдар факультеті,
Физикалық және экономикалық география
кафедрасының доцент м.а., г.ғ.к.
(жұмыс орны, ғылыми дәрежесі)


(қолы)

Садвакасова Салтанат Рагимовна
(Аты-жөні)

